



# Ембі ТЫНЫСЫ

№8 (113)  
ҚЫРКҮЙЕК  
2023 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

**МЕРЕКЕЛІК  
ШЫҒАРЫЛЫМ**

## БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

## Келешегің кеме болсын, Прорва кеніші!

**«ЖЫЛЫОЙМҰНАЙГАЗ» МҰНАЙ-ГАЗ ӨНДІРУ БАСҚАРМАСЫНА ҚАРАСТЫ КЕН АЛАҢЫНА – 60 ЖЫЛ**



«Ембімұнайгаз» АҚ Прорва кен алаңының мерейлі 60 жылдығын атап өтті. «Каспий самалы» вахталық қалашығында ұйымдастырылған салтанатты шараға Компания басшылығы мен ардагер-мұнайшылар, Прорва кен алаңының ұжымы қатысты.

«Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты Прорва кен алаңдары тобы 1963 жылдан бастап игерілуде. Құрамында 4 кен орны бар: Сағидолла Нұржанов, Батыс Прорва, Ақтөбе, Досмұхамбетов. Прорва кенішіндегі ілеспе газды кешенді дайындау қондырғысы іске қосылған кезеңнен бастап, алауларда ілеспе газды жағуды тоқтатты. Бұл отандық Компания үшін экологиялық жағдай басты мәселе болып қалатынын тағы бір дәлелдейді.

**ЖАЛҒАСЫ 3-БЕТТЕ**



### МҰНАЙШЫЛАРДЫҢ МЕРЕЙЛІ СӘТІ

Ембілік мұнайшылар кәсіби мереке – Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күнін тойлау дәстүрін биыл да жалғастырды. Компанияға қарасты барлық өндірістік-құрылымдық бөлімшелерде өткен шараларға қатысып, ұжымдарды арнайы құттықтаған Компания басшылығы Қоғамның қазіргі тыныс-тіршілігі мен жетістіктерін жария етіп, «қара алтын» қорын молайту жолында қолтаңбасын қалдырған сала ардагерлері мен қазіргі уақытта тер төгіп жүрген қызметкер-мамандарға алғыс білдірді.

**4-5**

### БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ-ы «Мерейлі мұнайшы» корпоративті байқауын қорытындылап, жеңімпаздарды анықтады.

Конкурсты ұйымдастырушы – ЕМГ «Мұнайшы қыз» клубы. Байқау мақсаты – компанияішілік коммуникация мен корпоративтік тұтастықты дамыту.

**6**

### ҚОС ОТБАСЫНДАҒЫ ҚУАНЫШ

Ембіліктер баспана сыйға тартты

«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы ембіліктердің әлеуметтік осал санаттағы топтарына қолдау білдіру үрдісін жалғап, Исатай ауданында тұратын қос отбасыға баспана сыйға тартты.

**7**





Мағзұм Мырзағалиев: ұлттық компания қызметінің нәтижесі жөнінде мәлімет берді; компания мұнайдың отандық бренді KEBSCO (Kazakhstan Export Blend Crude Oil) өндірісі басталғанын

айтты; мұнай өңдеу зауыттарынан жанар-жағармай жөнелту қарқыны, соның ішінде күзгі жиын-терін маусымында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің қажеттілігін

## Мемлекет басшысы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиевті қабылдады

қамтамасыз ету ісі жөнінде баяндады: «ҚазМұнайГаз» компаниясы егін жинау науқанына 426 мың тонна дизель отынын бөлген; компанияның танкер флотын кеңейту, соның ішінде Каспий теңізі мен басқа да ашық теңіз акваторияларында энергетикалық ресурстарды тасымалдауға арналған ірі тоннажды танкерлер санын көбейту жұмыстары туралы мәлімет

берді; ұлттық компанияның өңірлерде жүзеге асырып жатқан әлеуметтік жобалары жөнінде есеп берді: Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласын ауызсумен қамтамасыз ету үшін жаңа су тұтыту зауытының құрылысы басталғаны және Астрахан – Маңғышлақ магистральды су құбырын реконструкциялау жұмыстарының барысы жөнінде баяндады.

Мемлекет басшысы инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, көмірсутегі экспортын арттыру және геологиялық барлау жұмыстарының ауқымын кеңейту жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

Президент мұнай мен газды терең өңдеу саласына баса мән беру маңызды екенін атап өтті.

[t.me/aqorda\\_resmi](https://t.me/aqorda_resmi)

## «Самұрық-Қазына» АҚ еліміздегі 15 мамандандырылған мекемеге спорттық құрал-жабдықтарды табыстай бастады

Бұл шара «Самұрық-Қазына» Қорының 15 жылдығына орай өткізіліп жатыр. Көмек беріліп жатқан 15 мамандандырылған мекеме еліміздің 5 өңірінде орналасқан. Жобаның құны 16 млн теңгені құрайды.

Спорттық құрал-жабдықтардың алғашқысы Атырау облысындағы зерде дамуында бұзылыстары бар №2 және тіл мүкестігі бар балаларға арналған №3 облыстық арнайы мектеп-интернаттарына берілді.



Енді Қор компаниялар тобының бірыңғай қайырымдылық операторы - «Samruk-Kazyna Trust» қорының қаржылай қолдауының арқасында 2 мыңнан астам ерекше білім беру қажеттіліктері бар халықтың осал топтарынан шыққан, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, өмірлік қиын жағдайға тап болған, ақыл-ойы, сөйлеуі, есту қабілеті бұзылған және психикалық дамуы тежелген мектеп-интернаттардың оқушылары жаңа спорттық құрал-жабдықтармен шынығатын болады.

Осы айдың соңына дейін мұндай жабдықтар Астана қаласы және Ақмола, Ақтөбе, Павлодар облыстарындағы мамандандырылған мекемелерге тапсырылмақ.

<https://t.me/samrukazynaofficial>

### ҮЗДІК МАМАН-2023



## Сәттілік тілейміз!

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Марат Елеусінов және Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Гүлбану Шарафетдинова «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның «Үздік маман-2023» кәсіби конкурсына қатысатын ембілік жұмысшыларды қабылдады.

Биыл «Қаражанбасмұнай» АҚ базасында өтетін дәстүрлі кәсіби шеберлік байқауында «Ембімұнайгаздың» намысын 16 жұмысшы мамандығы бойынша 25 маман қорғайды. Олардың қатарында операторлар, машинист, лаборант, электрогазбендәнекерлеуші және өзге де мамандық иелері бар. Конкурс екі кезең бойынша өтеді: тестілеу және практикалық дәрістер.

Марат Елеусінов пен Гүлбану Шарафетдинова конкурс қатысушыларына жеңісті нәтижелер тілеумен қатар, әрқайсысының біліктілік, жауапкершілік, кәсіби деңгейін көрсете білу, технологиялық мәдениетті сақтау секілді талаптарды да орындауы қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар, «Үздік маман» байқауына қатынасу жұмысшылар үшін үлкен мүмкіндіктерге жол ашып, әрі қарай кәсіби даму үшін серпін, мотивация екенін де айтылды.

Айта кетейік, аталған кездесудің қатысушылары – «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік-құрылымдық бөлімшелері арасында өткізілген «Үздік маман» кәсіби шеберлік байқауының II кезеңінің жеңімпаздары.

Қатысушыларға жеңіс тілейміз!

## Қазақстандық қоғам өкілдері «Саламатты Қазақстан» медициналық пойызы жұмысымен танысты

«Саламатты Қазақстан» медициналық пойызы» осы аптада еліміздің батыс өңіріне ат басын тіреді. Әлеуметтік жобаны қаржыландырып отырған «Samruk-Kazyna Trust» қоры аталмыш жобаның қызметін жұртшылықпен таныстыру мақсатында журналистерге арнайы баспасөз туры ұйымдастырды.



Бүгінгі күнге дейін жетпістен аса бекетті аралаған медициналық пойыз Атырау өңіріндегі сегіз елді-мекендегі станцияға тоқтап, ауыл тұрғындарына емдік қызметтерін көрсете бастады. Өңірдегі сегіз бекеттің бесінші – Аққыстауға табан тіреген доңғалақ үстіндегі аурухана 2-11 қыркүйек аралығында 1500-ге жуық тұрғынға медициналық көмек көрсетсе, биыл Әйелдер және отбасы ұлттық комиссия бастамасымен жоба құрамына қосылған психолог, медиатор және заңгер мамандары 560 адамға кеңес беріп үлгерген.

Баспасөз туры барысында тегін медициналық кеңес алушылар журналистермен тілдесіп, олар «Саламатты Қазақстан» әлеуметтік жобасының шалғайдағы елді-мекен тұрғындары үшін маңыздылығын атап өтті. Олардың айтуынша, ауылдан облыс орталығына дәрігерге барып тексерілу немесе қандай да бір құқықтық кеңес алу көп уақытты талап етіп қана қоймай, қалтаға да ауыртпашылық салатынын жеткізді.

Бүгінгі таңда шарапаты мол жобаға еліміздің шалғай станцияларында тұратын 92049 адам келіп жүрген, ал оның 45710 ғана негізгі медициналық тексерістен

өтті. Көмек алушылардың 10520-ы – балалар. Жалпы дәрігерлер бес айда пойыз ішінде 5377 рет шағын хирургиялық оталар жасаған. Ал, психологиялық және құқықтық кеңес алушылардың саны 5 572 адамды құрайды. Құқықтық бағытта қызмет көрсетіп отырған білікті заңгерлер мен медиаторлар ауыл тұрғындарының бірқатар түйткілі мәселерін шешуде.

Баспасөз туры ұйымдастырушылардың айтуынша аталмыш жоба шалғайдағы станцияларда медициналық пункттердің жоқтығы мен азаматтар мен мемлекеттік органдардың өтініштері аясында туындаған. Алдағы уақытта 75 мыңға жуық ауыл тұрғыны негізгі емдік-консультациялық қызмет

алады деп күтілуде. Медициналық пойыз өз жұмысын 6 желтоқсанға дейін жалғастырады. Жоспар бойынша биылғы жылы 120-дан астам станцияға барады.

Жоба «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы атынан «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мен Денсаулық сақтау министрлігінің және «Әлеуметтік жобалар қорымен» ынтымақтастықта іске асырылуда.

Дереккөз: Samruk-Kazyna Trust әлеуметтік жобаларды дамыту қоры







# Келешегің кемел болсын, Прорва кеніші!

## «ЖЫЛЫОЙМҰНАЙГАЗ» МҰНАЙ-ГАЗ ӨНДІРУ БАСҚАРМАСЫНА ҚАРАСТЫ КЕН АЛАҒЫНА – 60 ЖЫЛ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Құттықтау тілегін жеткізген «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов Прорва кен алаңының Ембі өндірісіндегі ерекше орнына жан-жақты тоқталды.

«Прорва кен алаңдары игеріліп келе жатқан 60 жыл ішінде 44 миллион тоннадан астам мұнай өндірілді. «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының жалпы беретін өнімінің 85 пайызы Прорва кен орындарының еншісінде. Прорва кен орнындағы жылына 150 миллион текше метр ілеспе газды кешенді дайындау қондырғысының іске қосылуы – Ембінің табысты жобасы. Газдың 100 миллион текше метрден астамын QazaqGaz Ұлттық компаниясы арқылы халықтың игілігіне беріп отырмыз. Жақында Прорва тобындағы ірі кеніштің бірі – Батыс Прорваның газ қабатынан 17 миллиард текше метрден астам газ табылды. Бұл – біздің келешекте игеретін жаңа жобамыз», – деді С.Арынов.

Айта кету керек, ілеспе газды кешенді дайындау қондырғысы іске қосылған күннен бүгінге дейін 750 миллион текше метрден астам тауарлы газ өндірілді.

Отандық мұнай өндірісінің өрістеуіне қомақты үлес қосқан ардагер-мұнайшылар Максим Ізбасов, Жұмабек Жамауов және Айболат Габдуллин кен алаңының ерекшеліктерін атап өтті.

«Прорвада Ембіде кен орны жоқ, мұнай қоры жағынан ең үкені – осы. Кен орнының 60 жыл бойы фонтандық режимде жұмыс жасауы – мұнай теориясындағы парадокс» дейді Максим Шафихұлы.

Бахталық қалашық аумағына арнайы құрылған ақшаңқан киіз үйлерде ардагерлерге құрмет көрсетіліп, мерекелік дастархан жайылды. Мерекеге орайластырылған «Мұнайы алтын дария, Әлемге аты жария» атты салтанатты шарада табысты еңбегі, қызметіне жауапкершілігімен танылған бір топ прорвалық мұнайшылар марапатталды.

### МАРАПАТ ИЕЛЕРІ:

#### ҚР ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРАЛІГІНІҢ АЛҒЫС ХАТЫ:

**Оспан Айын Бәзірұлы** – Құлсарыдағы мұнайды дайындап айдау цехының машина, агрегаттарды, жабдықтарды жөндеу бригадасының жөндеушісі;

#### «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰҚ АҚ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ:

**Қалыбай Сабырғалиұлы Бапаев** – Прорвадағы мұнай және газ өндіру цехының 1-категориялы механигі;

#### «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ:

**Самат Нұрманұлы Рахметов** – Прорвадағы мұнай және газ өндіру цехының №4 Ақтөбе-Досмұхамбетов кен орны бригадасының 4-разряд мұнай және газ өндіру операторы;

**Жаңбырбай Баймұханұлы Серікбаев** – Прорвадағы мұнай және газ өндіру цехының №1 С.Нұржанов атындағы кен орны бригадасының 5-разряд мұнай және газ өндіру операторы;

**Абай Сағытжанұлы Койтанбаев** – Прорвадағы мұнай және газ өндіру цехының №4 Ақтөбе-Досмұхамбетов кен орны бригадасының 4-разряд мұнай және газ өндіру операторы;

**Серік Жұмабайұлы Сабиров** – Прорвадағы мұнай және газ өндіру цехының №3 Батыс Прорва кен орны бригадасының 4-разряд мұнай және газ өндіру операторы;

**Амантай Қанатқалиұлы Билялов** – Прорвадағы мұнай дайындау және айдау цехының 4-разряд технологиялық сораптар машинисі;

**Айтжан Сақыпұлы Сүлейменов** – Прорвадағы мұнайды дайындап айдау цехының 4-разряд тұзсыздандыру және сусыздандыру қондырғысының операторы;

**Дүйсен Кетебайұлы Әлмұратов** – Прорвадағы автокөлік және арнаулы техника керуенінің 6-разряд жылжымалы компрессорының машинисі;

**Төлеген Далашұлы Сихов** – Прорвадағы автокөлік және арнаулы техника керуенінің 6-разряд МКЖ қызмет көрсету агрегатының машинисі;

**Амантай Райұлы Кубесов** – Құлсарыдағы ұңғыларды жерасты жөндеу цехының ұңғыларды жөндеу шебері;

**Досан Танатарұлы Қалиев** – Прорвадағы мұнай және газ өндіру цехының №4 Ақтөбе-Досмұхамбетов кен орны бригадасының 4-разряд мұнай және газ өндіру операторы;

**Ерболат Бағдәулетұлы Байгілеуов** – Прорвадағы мұнай және газ өндіру цехының мұнай және газ өндіру аға инженері;

#### «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ АЛҒЫС ХАТЫ:

**Қуаныш Сәрсенұлы Сәрсенов** – Прорвадағы мұнай дайындау және айдау цехының 5-разряд тұзсыздандыру және сусыздандыру қондырғысының операторы;

**Сәбитжан Жақсылықұлы Сүлеев** – Прорвадағы мұнай және газ өндіру цехының мұнай кәсіпшілігі жабдықтарын жөндеу және пайдалану бригадасының 5-разряд жөндеушісі;

**Зорбай Сакирұлы Укпегазиев** – Прорвадағы арнаулы техника және автокөлік колоннасының 5-разряд зерттеу көлігінің жүргізушісі;

**Нұрлыбай Кабдоллаұлы Бижанов** – Зерттеу жұмыстар цехының 5-разряд ұңғыларды зерттеу операторы;

**Амантай Жолдыбайұлы Сағынбаев** – Прорвадағы арнаулы техника және автокөлік колоннасының 5-разряд зерттеу көлігінің жүргізушісі;

**Бұрыш Сағиқызы Айтқалиева** – Прорвадағы мұнай және газ өндіру цехының №1 С.Нұржанов атындағы кен орны бригадасының 4-разряд мұнай және газ өндіру операторы;

**Гүлғайша Ақжамалқызы Айдарова** – Зерттеу жұмыстары цехының 4-разряд ұңғыларды зерттеу операторы;

**Руслан Серікұлы Өтешов** – Прорвадағы мұнай және газ өндіру цехының №1 С.Нұржанов атындағы кен орны бригадасының 5-разряд мұнай және газ өндіру операторы.

Салтанатты шарада сонымен қатар, бір топ сала қызметкерлеріне «Ембімұнайгаз» АҚ Кәсіподақ ұйымының, басқарма кәсіподақ комитетінің және «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының марапаттары табысталды.

Айта кеткен жөн, Прорва кен алаңының мерейлі датасына орай, басқармаішілік спорттық сайыстар ұйымдастырылған болатын. Волейбол, баскетбол және футболдан жеңіске жеткен командалар да осынау салтанатты жиын барысында марапатталды.





## «ЖЫЛЫОЙМҰНАЙГАЗ» МҒӨ БАСҚАРМАСЫ

### ҚР ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ:

**Қайыржан Тасқынбайұлы Мусиев** – Прорвадағы мұнай және газ өндіру цехының мұнай кәсіпшілігі жабдықтарына қызмет көрсету және жөндеу бригадасының жөндеушісі;

### «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ ЕСТЕЛІК БЕЛГІСІ:

**Бекен Әйтмұлы Тапашев** – Прорвадағы автокөлік және арнаулы техника керуенінің зерттеу машинасының жүргізушісі;

**Нұрлан Сапарғалиұлы Ізтұрғанов** – Өндірістік-техникалық бөлімінің мұнай және газ өндіру инженері;

**Сәкен Бисекенұлы Сейтуов** – Құлсарыдағы автокөлік және арнаулы техника керуенінің жүргізушісі;

**Елубай Бижанұлы Мұрынов** – Құлсарыдағы мұнайды дайындау және айдау цехының шебері;

**Мәрдән Құрақұлы Құлымбетов** – Терең-Өзек мұнай және газ өндіру цехының мұнай және газ өндіру операторы;

**Алтай Шәмекуллы Кершубаев** – Прорвадағы ұңғыларды жерасты жөндеу цехының ұңғыларды жөндеу шебері;

**Бекболат Шамғанұлы Отаров** – Прорва кен орындарын игеру тобы өндірістік басқармасының инженер-технологы;

**Үкібай Әбдіханұлы Төретаев** – Зерттеу жұмыстар цехының зерттеу жұмыстар операторы;

**Бұрабек Әбділұлы Таңатов** – Құлсарыдағы ұңғыларды жерасты жөндеу цехының көтергіш машинисі;

**Махамбет Озғанұлы Иманов** – Өндірісті жедел басқару қызметінің көлікпен қамту тобының жетекшісі;

### «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ:

**Рая Мақсотқызы Сапарова** – Әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі бастығы;

**Серік Мақашұлы Мусин** – Прорвадағы ұңғыларды жерасты жөндеу цехының ұңғыларды жерасты жөндеу операторы;

**Бейсегұл Әбдібайқызы Жанақанова** – Өндірісті жедел басқару қызметінің жедел әрекет ету тобының (ауысым) инженері;

**Гүлім Қайырбайқызы Шерниязова** – Еңбекке ақы төлеу және қызметкерлерді басқару бөлімінің еңбек жөніндегі экономисі;

**Айгүл Шәріпқызы Ермұханбетова** – Зерттеу жұмыстар цехының бастығы;

**Мұхтар Қарақұлұлы Баспаев** – Құлсарыдағы автокөлік және арнаулы техника керуенінің зерттеу машинасының жүргізушісі;

**Бекболат Сәрсенұлы Наурыззов** – Құлсарыдағы ұңғыларды жерасты жөндеу цехының көтергіш машинисі;

**Сембай Сағынғалиұлы Жұмақұлов** – Прорвадағы өндірістік құралдарды жөндеу және пайдалану участогының жөндеушісі;

**Ыбырай Санақұлы Төлегенов** – Прорва кен орнын игеру тобының өндірістік басқармасының инженер-технологы;

### «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ:

**Даршын Бектілеуқызы Әбуова** – Прорвадағы мұнай және газ өндіру цехының Батыс Прорва кен орны бригадасының геологы;

**Ләззат Сантайқызы Ідірова** – Прорвадағы мұнайды дайындау айдау цехының тауар операторы;

**Сайран Аманбайұлы Көрпебаев** – Қосшағыл мұнай және газ өндіру цехының жұмыс агентін қабатқа айдау сорғы станциясының машинисі;

**Аманжол Тасқынбайұлы Сүлейменов** – Прорвадағы мұнай және газ өндіру цехының мұнай және газ өндіру және конденсаттау шебері;

**Ләззат Тасқынбайқызы Сүлейменова** – Прорвадағы мұнай дайындау және айдау цехының инженер-химигі;

**Гүлшат Санақызы Төлегенова** – Есептеу және есеп жүргізу бөлімінің бухгалтері;

**Орынгүл Оразалиева** – Қосшағыл мұнай және газ өндіру

# Мұнайшылардың

Ембілік мұнайшылар кәсіби мереке – Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күнін тойлау дәстүрін биыл да жалғастырды. Компанияға қарасты барлық өндірістік-құрылымдық бөлімшелерде өткен шараларға қатысып, ұжымдарды арнайы құттықтаған Компания басшылығы Қоғамның қазіргі тыныс-тіршілігі мен жетістіктерін жария етіп, «қара алтын» қорын молайту жолында қолтаңбасын қалдырған сала ардагерлері мен қазіргі уақытта тер төгіп жүрген қызметкер-мамандарға алғыс білдірді.

Салтанатты жиындар барысында еңбектегі үздік көрсеткіштері мен Қоғам жұмысының дамуына қосқан үлестері үшін сала мамандары түрлі деңгейдегі марапат иелері атанды. Төмендегі тізімге қоса, бір топ қызметкерлерге Қазақстандық мұнай-газ салалық кәсіптік одағы, «Ембімұнайгаз» АҚ Кәсіподақ комитетінің және басқарма кәсіподағының марапаттары және басқармалардың Алғыс хаттары табысталды.



цехының мұнай және газ өндіру операторы;

**Күміс Оңласынова** – Құлсарыдағы мұнай дайындау және айдау цехының технологиялық қондырғылар операторы;

**Есенжан Жиесұлы Сенғалиев** – Құлсарыдағы өндірістік құралдарды жөндеу және пайдалану телімінің жөндеушісі;

**Салтанат Доржығұлқызы Сенғалиева** – Құлсарыдағы жылумен, газбен, сумен қамту телімінің жылу қазандығы операторы;

**Нұрзиба Қалиқызы Бұрабаева** – Әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің жетекші маманы;

**Тлеш Тоқбайқызы Есенғазиева** – Құлсарыдағы мұнай дайындау және айдау цехының Қаратон мұнай дайындап айдау участогының тұзсыздандыру және сусыздандыру жөніндегі операторы;

**Өзенбай Егеубайұлы Сексенбаев** – Құлсарыдағы автокөлік және арнаулы техника керуенінің автокөлік жүргізушісі;

**Әлия Сүтемгенқызы Жақұпова** – Құлсарыдағы мұнай дайындау және айдау цехының химиялық сараптар лаборанты;

**Абзал Мирасұлы Гизатуллин** – Өндірісті автоматтандыру бөлімінің бастығы;

**Жамбыл Камелұлы Тажмағамбетов** – Құлсарыдағы ұңғыларды жерасты жөндеу цехының көтергіш машинисі;

**Нұрлыбек Тілегенұлы Елешев** – Прорвадағы мұнай және газ өндіру цехының № 4 Ақтөбе-Досмұхамбетов кен орны бригадасының мұнай және газ өндіру операторы;

**Өмірзақ Самат Қойшығұлұлы** – Прорвадағы ұңғыларды жерасты жөндеу цехының көтергіш машинисі;

**Берік Жолдасқалиұлы Бекжанов** – Өндірісті жедел басқару қызметінің жедел әрекет ету тобының инженер-технологы;

**Саламат Орақұлы Самаликов** – Прорвадағы мұнай дайындау және айдау цехының инженер-технологы;

### «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ АЛҒЫС ХАТЫ:

**Смаил Тауманұлы Елеуов** – Прорвадағы мұнай дайындау және айдау цехының жөндеушісі;

**Гүлжан Бердімұратқызы Айдарбекова** – зерттеу жұмыстар цехының ұңғыларды зерттеу операторы;

**Мұрат Ізтұрғанұлы Төлешов** – Прорвадағы мұнай және газ өндіру цехының Ақтөбе-Досмұхамбетов кен орнының мұнай және газ өндіру операторы;

**Сайфолла Ідірісұлы Тұрмағанбетов** – Прорвадағы

мұнай және газ өндіру цехының мұнай-газ өндіру және конденсаттау шебері;

**Қаратау Шотанұлы Жұмағалиев** – Құлсарыдағы ұңғыларды жерасты жөндеу цехының операторы;

**Асқар Өтепұлы Ахметов** – құрылыс бөлімінің бастығы;

**Марат Сатқынұлы Исағалиев** – Құлсарыдағы арнаулы техника және автокөлік колоннасының МКЖ қызмет көрсететін агрегаттың машинисі;

**Нұрлан Темірұлы Амиров** – Құлсарыдағы өндірістік нысандарды жөндеу және пайдалану телімінің цех бастығы;

**Қасан Жанболайұлы Лапишев** – Құлсарыдағы жылумен, газбен, сумен қамту участогының бастығы;

**Бағытжан Сәрсенұлы Наурыззов** – Терең-Өзек мұнай және газ өндіру цехының мұнай және газ өндіру операторы;

**Мақсот Құлқайырұлы Косеменов** – Құлсарыдағы ұңғыларды жерасты жөндеу цехының көтергіш машинисі;

**Қайрат Әбілқайырұлы Қарабалин** – Құлсарыдағы автокөлік және арнаулы техника керуенінің автокөлік жүргізушісі;

**Нұрлыгүл Төлегенова** – Құлсарыдағы жылумен, газбен, сумен қамту участогының жылу қазандығының операторы;

**Мұратжан Шегірұлы Сүйесінов** – Терең-Өзек мұнай және газ өндіру цехының мұнай кәсіпшілігі жабдықтарын жөндеу және пайдалану бригадасының жөндеушісі;

**Қуаныш Құлшарұлы Жақсылықов** – Прорвадағы автокөлік және арнаулы техника керуенінің ЦА моторисі (машинист);

**Бақтыбек Жақсылықұлы Байғазанов** – Прорвадағы мұнай және газ өндіру цехының инженер-технологы;

**Берендік Орынғалиұлы Тәжібаев** – Прорва кен орнын игеру тобы өндірістік басқармасының автоматтандыру және бақылау-өлшеу құралы инженері;

**Бақтығали Амангелдіұлы Бекмағамбетов** – Өндірісті жедел басқару қызметінің мұнай, газ және конденсат өндіру жөніндегі ауысым бастығы;

**Мырзагерей Сәрсенұлы Елемесов** – Прорвадағы мұнай және газ өндіру цехының мұнай кәсіпшілігі жабдықтарына қызмет көрсету және жөндеу бригадасының тоқпен, газбен дәнекерлеушісі;

**Жәрдем Ғабдібекұлы Газизов** – Прорвадағы арнаулы техника және автокөлік колоннасының жылжымалы компрессор машинисі.

## «ЖАЙЫҚМҰНАЙГАЗ»

### ҚР ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ:

**Алик Нәбидоллаұлы Айжарықов** – №1 мұнай-газ өндіру цехының инженер-технологы;

### ҚР ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ АЛҒЫС ХАТЫ:

**Сүйеу Қабиұлы Аманбаев** – арнаулы техникалар және автокөлік колоннасының АДПН машинисі;

### «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ ЕСТЕЛІК БЕЛГІСІ:

**Талғат Айжарықұлы Досмағұлов** – мұнайды дайындау және айдау цехының технологиялық қондырғысының операторы;

**Пауелен Хисманұлы Хамзин** – мұнайды дайындау және айдау цехының (мұнайды дайындау және тасымалдау) шебері;





# Мерейлі сәті

## «ЕМБІМҰНАЙЭНЕРГО» БАСҚАРМАСЫ



### «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҮК АҚ ЕСТЕЛІК БЕЛГІСІ:

**Талғат Әшімұлы Болысбеков** – Құсары аудандық электр торабының реттеу және сынау жөніндегі инженері;

### «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҮК АҚ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ:

**Жәнібек Атагөзұлы Бурабаев** – Қайнар аудандық электр торабының электр жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету электр монтері;

### «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ:

**Руслан Жолдасұлы Санатбаев** – Электрохимиялық қорғау бөлімшесінің электр жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету электр монтері;

**Асылбек Ермекбайұлы Байманов** – Арнаулы техника және автокөлік колоннасының мамандандырылған және арнайы автокөлік жүргізушісі;

### «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ АЛҒЫС ХАТЫ:

**Салтанат Ағырайұлы Махамбетов** – Мақат аудандық электр торабының электр жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету электр монтері;

**Сапарғали Дүйсенұлы Мырзағалиев** – Өндіріске қызмет көрсету бөлімшесінің өлшеп-тексеру құралдары және аппараттарының жөндеушісі.

## «ҚАЙНАРМҰНАЙГАЗ» МГӨ БАСҚАРМАСЫ

### ҚР ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ «МҰНАЙ-ГАЗ КЕШЕНІН ДАМУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ ҮШІН» МЕДАЛІ:

**Аманбай Тұрғалиұлы Бимурзин** – Береген Жоламанов мұнай және газ өндіру учаскесінің мұнай және газ өндіру операторы;

### «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҮК АҚ ЕСТЕЛІК БЕЛГІСІ:

**Ғалымжан Жолдасұлы Тасқалиев** – зерттеу жұмыстары цехының ұңғымаларды зерттеу операторы;  
**Екпін Алпамысұлы Әліпқалиев** – есеп жүргізу және есеп беру бөлімінің бастығы;

### «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҮК АҚ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ:

**Мақсат Төрениязұлы Әбіш** – Кенбай мұнай және газ өндіру цехының мұнай және газ және конденсат өндіру шебері;

**Бақытжан Сайполлаұлы Мұханов** – Кенбай мұнай және газ өндіру цехының слесарь-жөндеушісі;

**Елтай Қайырғалиұлы Кенжеғалиев** – арнаулы техника және автокөлік колоннасының КМҚ-мен арнайы

және арнаулы автомобилінің жүргізушісі;

### «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ:

**Азамат Ерболатұлы Қамидоллин** – Уаз мұнай және газ өндіру учаскесінің механигі;

**Нәсіпқали Серікұлы Дәулетбаев** – қолданыстағы құрал-жабдықтарды прокаттау және жөндеу учаскесінің слесарь-жөндеушісі;

**Жұмабай Орынтайұлы Аяпберген** – мұнай дайындау және айдау цехының сусыздандыру және тұзсыздандыру қондырғысының операторы;

### «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ АЛҒЫС ХАТЫ:

**Ұзақбай Сағиұлы Оспанов** – ұңғымаларды жерасты жөндеу цехының ұңғымаларды жерасты жөндеу операторы;

**Бауыржан Тыныштықұлы Садешов** – ұңғымаларды жерасты жөндеу цехының ұңғымаларды жерасты жөндеу операторы;

**Нұржасар Серікұлы Галиев** – арнаулы техника және автокөлік колоннасының (БӨП) механигі.

## «ДОССОРМҰНАЙГАЗ» МГӨ БАСҚАРМАСЫ



### ҚР ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ:

**Нұрлан Боранқұлұлы Мансуров** – №2 Қарсақ мұнай және газ өндіру цехының Қарсақ кен орны №1 бригадасының мұнай және газ өндіру операторы;

### «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҮК АҚ ЕСТЕЛІК БЕЛГІСІ:

**Карим Қазимұлы Дәулетов** – газды дайындау учаскесінің бастығы;

**Айболат Зиноллаұлы Рахманов** – арнаулы техника

және автокөлік колоннасы Шығыс Мақат автокөлігінің цементтеу агрегаты моторисі (машинист);

### «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҮК АҚ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ:

**Қайрат Амандосұлы Искариев** – Мақаттағы мұнай дайындау және айдау цехының Шығыс Мақат бригадасының электржазбен дәнекерлеушісі;

**Айман Сәрсенқызы Қалжанова** – есеп және есепті жүргізу бөлімінің бухгалтері;

### «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ:

**Бақтыгүл Ертайқызы Баесинова** – зерттеу жұмыстарын жүргізу цехының ұңғымаларды зерттеу операторы;

**Ізтілеу Бағытұлы Сәрсембаев** – №3 Шығыс Мақат мұнай және газ өндіру цехының Шығыс Мақат кен орны №1 бригадасының мұнай және газ өндіру операторы;

**Саламат Есенұлы Сарбалін** – еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі жөніндегі инженері;

### «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ АЛҒЫС ХАТЫ:

**Жүніс Мансарайұлы Берниязов** – өндірісті жедел басқару қызметінің жедел әрекет ету тобының (ауысым) инженері;

**Нұрсейіт Төлегенұлы Қонырбаев** – өндірістік құрал-жабдықтарды жөндеу және прокаттау учаскесінің темір жолшысы;

**Талғат Жумин** – №4 Доссор мұнай және газ өндіру цехының Алтыкөл кен орны №1 бригадасының мұнай-газ өндіру және конденсат шебері.

## «ӨНДІРІСТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАМТУ ЖӘНЕ ЖАБДЫҚТАРМЕН КОМПЛЕКТАЦИЯЛАУ» БАСҚАРМАСЫ



### «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ:

**Ләззат Құмарқызы Кошанова** – ТМК орталықтандырылып жеткізу және қойма шаруашылығы учаскесінің қоймашысы;

**Қайрат Жақсылықұлы Ермұханов** – өндіріске қызмет көрсету учаскесінің тас қалаушысы;

### «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ АЛҒЫС ХАТЫ:

**Қажмұрат Мәжитұлы Байзақов** – қойма шаруашылығының жүк қармалаушысы;

**Бекболат Ғабитұлы Бердалиев** – өндіріске қызмет көрсету учаскесінің бетоншісі.

## МГӨ БАСҚАРМАСЫ

### «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҮК АҚ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ:

**Байболат Хабиболлаұлы Құспанов** – №5 мұнай және газ өндіру цехының мұнай кәсіпшілігі құрал-жабдықтарына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі бригадасының слесарь-жөндеушісі;

**Рафих Идеятоллаұлы Рахметов** – арнаулы техникалар және автокөліктер колоннасының зерттеу машинасының жүргізушісі;

### «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ:

**Асылбек Қадіржанұлы Хамзин** – арнаулы техникалар және автокөліктер колоннасының бульдозер машинисі;

**Серікқали Сапаров** – өндірістік құрал-жабдықтарын жөндеу және прокаттау учаскесінің слесарь-жөндеушісі;



**Куанышкерей Қуанғалиұлы Халидуллин** – №1 мұнай және газ өндіру цехының мұнай өндіру бригадасының мұнай және газ өндіру операторы;

### «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ АЛҒЫС ХАТЫ:

**Құрамыс Мағзомұлы Сабиров** – №1 мұнай және газ өндіру цехының мұнай өндіру бригадасының мұнай және газ өндіру операторы;

**Құрманғазы Кабдрешұлы Тағатов** – зерттеу жұмыстары цехының ұңғымаларды зерттеу шебері;

**Ахыл Саламатұлы Жүнісқалиев** – №5 мұнай-газ өндіру цехының технологиялық сораптар машинисі.





## «Мерейлі мұнайшы» байқауы:

## ЖЕҢІМПАЗДАР АНЫҚТАЛДЫ

**«Ембімұнайгаз» АҚ-ы «Мерейлі мұнайшы» корпоративті байқауын қорытындылап, жеңімпаздарды анықтады.**

Конкурсты ұйымдастырушы – ЕМГ «Мұнайшы қыз» клубы. Байқау мақсаты – компания ішкі коммуникация мен корпоративтік тұтастықты дамыту. Қауіпсіздік мәдениетін ілгерілету және салауатты өмір салтын насихаттау.

Байқау шартына сәйкес, өндірістік ұжымдар түрлі форматтарда дайындалған (видеоролик, тик-ток, лайф-репортаж, видеоскетч) түсірілімдер арқылы өз жұмыс орыны/кабинет/демалыс орны (жатақханадағы бөлме), қауіпсіз өндіріс және салауатты өмір салты туралы баяндауы қажет.

Атап өткен жөн, мұнайшылар аталған байқауға белсенді қатысумен қатар, жауапкершілік танытып, креативті көзқарастарын да білдірді. Әділқазылар алқасының талқылауына 4 мұнай-газ өндіру басқармалары мен «Ембімұнайэнерго» басқармасының бригада, участок, цех ұжымдарынан 24 жұмыс ұсынылды.

«Мұнайшы қыз» клубының «Мерейлі мұнайшы» жобасы – ішкі коммуникацияны дамыту құралы болумен қатар, қауіпсіз еңбек ережелері мен салауатты өмір салтын Қоғамда насихаттауға зор ықпал ететін құралдың бірі», деп атап өтті «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов жеңімпаздарды марапаттау шарасында.

### БАЙҚАУ НӘТИЖЕСІ ТӨМЕНДЕГІДЕЙ:

#### «БІЗДІҢ ЖҰМЫС ОРНЫМЫЗ» НОМИНАЦИЯСЫ:

- 1-орын – «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының №1 С.Балғымбаев мұнай-газ өндіру цехы.
- 2-орын – «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Шығыс Мақат мұнай-газ өндіру цехы.
- 3-орын – «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының жылу, су, газбен қамсыздандыру бөлімшесінің ұжымы.

#### «ҚАТЕРСІЗ ӨНДІРІС» НОМИНАЦИЯСЫ:

- 1-орын – «Ембімұнайэнерго» басқармасының Прорва аудандық электр торабы.
- 2-орын – «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Кенбай мұнай-газ өндіру цехы.
- 3-орын – «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Ботақан мұнай-газ өндіру цехы.

#### «САЛАУАТТЫ ЦЕХ» НОМИНАЦИЯСЫ:

- 1-орын – «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының №1 С.Балғымбаев мұнай-газ өндіру цехы (лайф репортаж).
- 2-орын – «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Қосшағыл мұнай-газ өндіру цехы.
- 3-орын – «Ембімұнайэнерго» басқармасының аудандық электр торабының құрама командасы.

Жеңімпаздар диплом мен ақшалай сыйлыққа ие болды. Байқау қорытындысы бойынша «Жылыоймұнайгаз» және «Жайықмұнайгаз» басқармалары ұжымына белсенді қатысқаны үшін диплом табысталды.







## АДАЛ ЕҢБЕК - АБЫРОЙ БАСТАУЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның кәсіби мереке – Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күніне арналған салтанатты жиындар легі Махамбет атындағы академиялық қазақ драма театрында өткен іс-шарамен қорытындыланды.

Салтанатты шараға қатысқан «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов Компания жетістіктерінің бастауында тұрған ардагерлер мен салада тынбай еңбек етіп жүрген әріптестер еңбегін айрықша атап, алғыс білдірді, кәсіби мейраммен құттықтады.

Мерекелік басқосуда бір топ сала қызметкерлеріне түрлі деңгейдегі марапаттар тапсырылды.

### ҚР ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРАЛІГІНІҢ «МҰНАЙ-ГАЗ КЕШЕНІН ДАМУЫҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ ҮШІН» МЕДАЛІМЕН:

**Серік Тәжікұлы Жұпболов** – «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының ұңғыларды жерасты және күрделі жөндеу цехының Алтыкөл, Қошқар бригадасының 5-дәрежелі көтергіш машинисі;

**Әділжан Кәкімжанұлы Қадірәлиев** – «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының №3 мұнай-газ өндіру цехының бастығы;

**Самат Сақыпұлы Сүлейменов** – «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Прорвадағы ұңғыларды жерасты жөндеу цехының 6-разряд көтергіш машинисі;

### ҚР ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРАЛІГІНІҢ «МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНЫҢ ЕҢБЕК СІНІРГЕН ҚЫЗМЕТКЕРІ» ТӨСБЕЛГІСІМЕН:

**Есенгелді Кабиұлы Оңайбаев** – «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының №1 Ботакан мұнай және газ өндіру цехының 6-дәрежелі электр газбен дәнекерлеушісі;

**Әнуар Асқарұлы Нәресhev** – «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының өндірістік техникалық бөлімінің бастығы;

**Бауыржан Тұржігітұлы Қуанбаев** – «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының №1 Қосшағыл мұнай және газ өндіру цехының 1- категориялы механигі;

**Мұрат Ақниетұлы Сақиев** – «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының өндірістік-техникалық бөлімінің мұнай және газ өндіру жөніндегі 1-категориялы инженері;

### ҚР ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРАЛІГІНІҢ АЛҒЫС ХАТЫМЕН:

**Жасұлан Жанайұлы Беркалиев** – «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының бас инженері;

**Бағытжан Жанашұлы Саламатов** – «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Кенбай мұнай және газ өндіру цехының 4-разрядты мұнай және газ өндіру операторы;

### «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫМЕН:

**Сая Кабылқызы Атырауова** – «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Доссордағы мұнайды дайындау және айдау цехының инженер-химигі;

**Сара Есенәліқызы Байдуллаева** – «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының еңбекке ақы төлеу және қызметкерлерді басқару бөлімінің бастығы;

**Лұқпан Қайыржанұлы Сұлтанов** – «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Прорвадағы мұнай және газ өндіру цехының №1 С.Нұржанов атындағы кен орны бригадасының 4-разрядты мұнай және газ өндіру операторы;

**Арон Жұмадінулы Бекжанов** – «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының мұнай дайындау және айдау цехының (мұнай дайындау және тасымалдау жөніндегі) шебері;

**Нұрқуат Сайынұлы Асқаров** – «Ембімұнайэнерго» басқармасы Прорва аудандық электр торабының бөлімше бастығы;

### «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҮК АҚ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫМЕН:

**Танат Мұбаракұлы Сәрсенов** – «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының бас инженері;

**Анарбек Елеуұлы Оразғалиев** – «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасы қойма шаруашылығының жүк қармалаушысы;

### «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҮК АҚ ЕСТЕЛІК БЕЛГІСІМЕН:

**Тынышбек Мырзағалиұлы Қонысбаев** – «Ембімұнайгаз» АҚ бұрғылау және ұңғымаларды күрделі жөндеу қызметінің бұрғылау жөніндегі жетекші инженері;

**Ағила Ишимқызы Балғымбаева** – «Ембімұнайэнерго» басқармасы еңбекті және қоршаған ортаны қорғау тобының 1-санатты еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі инженері;

**Төресай Қуандықұлы Мерібаев** – «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасы арнайы техника және автокөліктер гаражының жүк тиегіш машинаның жүргізушісі;

### «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫМЕН:

**Марат Қайырбекұлы Елеусінов** – «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары;

**Аманкул Аманжолұлы Умиров** – «Ембімұнайгаз» АҚ күрделі құрылыс департаментінің директоры;

**Асқар Елубайұлы Ержанғалиев** – «Ембімұнайгаз» АҚ кеніштік геология және кен орындарын игеру департаменті мұнай-газ кен орындарын игеру бөлім бастығының орынбасары;

**Гүлназия Қадырбайқызы Оспанова** – «Ембімұнайгаз» АҚ құжаттармен қамту тобының құжаттарды жүргізушісі;

**Руслан Ізтілеуұлы Кенжеғалиев** – «Ембімұнайгаз» АҚ корпоративтік қауіпсіздік қызметінің жетекшісі;

**Артур Борисұлы Төлеуішов** – «Ембімұнайгаз» АҚ корпоративтік қауіпсіздік қызметі экономикалық қауіпсіздік тобының аға маманы;

### «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ АЛҒЫС ХАТЫМЕН:

**Светлана Мұратқызы Бердиева** – «Ембімұнайгаз» АҚ сатып алу департаменті сатып алуды жоспарлау және жергілікті қамту бөлімінің бастығы;

**Бейбіт Ғатаулы Ібішев** – «Ембімұнайгаз» АҚ бюджеттеу және экономикалық талдау департаменті бюджеттеу бөлімінің жетекші экономисі;

**Динара Сержанқызы Өтенова** – «Ембімұнайгаз» АҚ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің қоршаған ортаны қорғау бөлімінің 1-категориялы қоршаған ортаны қорғау жөніндегі инженері;

**Ардақ Жамболатқызы Аупбаева** – «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаменті қызметкерлерді іріктеу және дамыту бөлімінің кадрлар жөніндегі аға маманы марапатталды.

Мерекелік кеш Д.Нұрпейісова атындағы академиялық қазақ ұлт-аспаптар оркестрінің концертіне жалғасып, рухани демалыс сыйлады.

### БӨРЕКЕЛДІ!

## Қос отбасындағы қуаныш

### ЕМБІЛІКТЕР БАСПАНА СЫЙҒА ТАРТТЫ

«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы ембіліктердің әлеуметтік осал санаттағы топтарына қолдау білдіру үрдісін жалғап, Исатай ауданында тұратын қос отбасыға баспана сыйға тартты.



Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай, аталған басқарманың кәсіподақ комитеті мүшелерінің ұйғарымымен жүзеге асқан игі істің нәтижесінде Исатай ауданының Аққыстау селосы және Нарын ауылында тұратын 2 отбасы қуанышқа кенелді.

Аққыстау селосының тұрғыны Тарен Нұрғалиев – 1-топ мүгедегі, жалдамалы пәтерде тұрады. Ал, нарындық Байжұма Мұхамбетовтың тұрғын үйі санитарлық талаптарға сай келмейді. «Жайықмұнайгаз» басқармасы ұжымының қолдауы нәтижесінде аталған азаматтарға Аққыстау селосының Сарыарқа көшесіндегі үйден пәтер және Нарын ауылынан үй тапсырылды.



Қос отбасын қуанышқа кенелткен «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының ұжымына ауыл тұрғындары алғыс білдіріп, ембілік мұнайшыларға ізгі тілектерін жолдады.

Қайырымдылық шараларына үн қосу, мұқтаж жандарды қолдау – ембілік мұнайшылардың тұрақты дәстүрлерінің бірі. Соның дәлелі Исатай ауданындағы осынау жарасымды іс болса, тағы бірі шілде айының соңында «Қайнармұнайгаз» МҒӨ басқармасының ұйымдастыруымен іске асты. Басқарма қызметкерлері өз жалақылары есебінен мұқырық жалғызбасты ана Нұржамал Жарқыноваға баспана алып берген болатын.



### МЕРЕКЕЛІК СЫЙ-ТАРТУ

«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы Исатай ауданының құрылғанына 95 жыл, Аққыстау ауылдық округінің 50 жылдығына және мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай аудан тұрғындарына мерекелік сый-тарту жасады.

Басқарманың ұйымдастыруымен өткен концертте Нұрмұхан Жантөрин атындағы облыстық филармония әншілері мен би ұжымдары өнер көрсетті.

Көрермендер әуезді ән шырқаған өнерпаздар мен мың бұралған бишілер өнеріне тәнті болып, тамаша көңіл-күйге кенелді. Сахна шымылдығы филармония әншілерінің орындауындағы «Мұнайшылар» әнімен жабылды.

Салтанатты шара соңында аудан әкімі Полимбет Хасанов мұнайшыларды құттықтап, аудан халқы үшін мерекелік думанды кеш ұйымдастырған «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының бастығы Азамат Мангибаевқа Алғыс хат табыстады. Сонымен қатар, бір топ басқарма қызметкерлері де марапатталды.





## САЛАНЫҢ ӨРІСТЕУІНЕ СҮБЕЛІ ҮЛЕС ҚОСҚАН...

**Еңбек адамына, сонымен қатар, Ембі өндірісінде қолтаңбасы қалған сала ардагерлеріне құрмет – «Ембімұнайгаз» АҚ ұстанған негізгі бағыттардың бірі. Осы мақсатта «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Б.Жоламанов кен алаңында салтанатты кездесу өтті. Жиын себебі – «Мақатмұнайгаз» және «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларының бастығы болып қызмет еткен қазіргі таңдағы зейнеткер Мақсат Қилыбаевтың мерейі 75 жасқа толуы.**

Мерейгерді құттықтау үшін «Ембімұнайгаз» АҚ-ның өндірісті жедел басқару департаментінің директоры Мәлік Жылқышиев, замандас әріптесі, зейнеткер Орынбасар Құрманқұлов сөз алып, ізгі тілектерін жолдады.

Кездесу барысында Б.Жоламанов кен алаңының ашылу тарихы, зейнеткердің өмірбаяны, өмір жолындағы қызықты сәттері туралы естеліктер айтылды.

Компания атынан дайындалған Құттықтау хатты табыстаған департамент директоры М.Жылқышиев мерейгердің Ембі өндірісінің өркендеуіне сүбелі үлес қосқан ардагер мұнайшылардың бірі екенін атап өтті.

«Еңбек жолыңыз қарапайым жұмысшыдан басталып, білікті басшы деңгейіне дейін сәтімен жалғасқан. Мұнайшы деген мәртебелі мамандықты саналы ғұмырына арқау еткен сіз сияқты аға буынның өнегелі өмір жолдары бүгінгі жастарға – үлкен мектеп. Оның дәлелі – сіздің сан түрлі еңбек жолыңыз.

Қызметік жолыңызды 1964 жылы Байшонос мұнай

өндіру басқармасында ұңғыны күрделі жөндеу цехы операторының көмекшілігінен бастап, барлық сатыдағы лауазымдарды абыроймен атқара білгеніңіз. Доссор өңіріндегі барлық кен алаңдарында сіздің мәртебелі мұнайшы ретінде қолтаңбаңыз сақталған.

Еділ мен Жайық – қос өзен аралығында жаңадан бой көтерген «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасын қалыптастырып, дамуына да сіз майталман мұнайшы ретінде сүбелі үлесіңізді қоса білдіңіз.

«Мақатмұнайгаз», «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларын басқарған жылдарда Ембі өңірінің өндірістік көрсеткіштерінің тұрақтануы жолында аянбай еңбек еттіңіз» деген хат мәтінін таныстырған Мәлік Жолдасқалиұлы Мақсат Байболұлына тілегін жеткізіп, сыйлық табыстады.

Жиын соңында салтанатты шараға ұйытқы болған «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының бастығы Қайнар Қоданов та лебізін жолдап, естелік сыйлық тарту етті.

## АҚІНГЕННІҢ АРУ ҚЫЗЫ – МАҚТАНЫШЫМЫЗ

**...Мен бұл арумен мұнайлы мекен – «Қисымбай» кенішінен таныспын. Содан бері 23-24 жыл болған екен. Сөзімнің арқауына айналған кейіпкер – «Қосшағыл» цехының геологы Жанат Маханова.**

Атырау мұнай-газ институтын бітірген соң Жанат алғаш еңбек жолын 1999 жылы «Қисымбайда» зерттеу операторы болып бастады. Жұмыстың жеңілі болмайды. Оған қоса, ашық өндіріс алаңдарында еңбек ету бірден оңайға соқпайтыны анық.

– Сол кезде жанымызда болған геолог Ахмет Нәріков, бас геолог Ахмет Сахиев, бас инженер Ғалым Жақашев ағаларымыздан жұмыс барысын үйреніп, танысып, іс-тәжірибе алмасып, қиындықтарға төзуді үйрендік, осындай білікті жандарға алғысым шексіз, – деп сөзін сабақтады кейіпкеріміз Жанат Елешқызы.

Жұмысқа зеректігі байқалған ол 2000-2009 жылдар аралығында Қисымбайда аракілік геолог қызметін атқарып жүрді. Ал, 2010 жылы Қосшағыл, 2011-2015 жылдары Қисымбай, ал, 2016 жылдан Қосшағыл мұнай-газ өндіру цехтарының геологы.

– «Жылыоймұнайгаз» өндіру

басқармасының Бас геологы – Балмаш Жақсыбаеваны ұстазым деп білемін, геолог мамандығына баулып, жұмысымды жауапкершілікпен алып жүретініме сенім артты. Қатты да айтады, терең талап та қояды, практикалық іс-тәжірибені де талмай үйретті. Қазір өз мамандығымды меңгеріп алып кеткенім – Балмаш Рамазанқызының арқасы дер едім.

Жеті қат жер астынан мұнай шығару оңай емес. Техника қауіпсіздігін, ережелерді қатаң сақтау, кен алаңындағы скважиналарды аралап тұру – міндетім. Бірлескен жұмыстарымыздың нәтижесінде мұнай өндіру жоспарымыз орындалып тұр. Ортақ мақсатқа «Ақінген» кен орнының да қосып отырған үлесі айтарлықтай, – дейді жұмысының барысын таныстырып, ұстаздарын айрықша атап өткен Жанат Елешқызы.

Білікті маманның кеудесінде «Ембімұнайгаз» АҚ ғасырлық тойының мерекелік медалі



жарқырайды. Бұған қоса, бірнеше рет «Үздік маман» сайысына қатысып, жүлделі орындар иеленгені бар. Кәсіби мерекеде, Геологтар күнінде, 8-наурыз мерекелеріне орай, Алғыс хат, марапаттар алғаны да – кәсібилігінің белгісі.

Мұнайшылар мерекесіне орай, осылайша әріптесіміз туралы қалам тербеуді жөн санадым.

Мереке құтты, еңбектеріңіз табысты болсын, қадірменді ембілік мұнайшылар!

**Жаңыл БАЕДІЛОВА,**  
**«Ақінген» кен орнының**  
**мелбикесі,**  
**Қазақстан Журналистер**  
**Одағының мүшесі**



**Таубай САҚТАҒАНОВ**  
(1950-2014)

**АВТОР ТУРАЛЫ:**

Таубай Сақтағанұлы 1950 жылы Атырау облысының Жылыой өңірінде туған. Жамбыл су-құрылыс институтын құрылысшы-инженер мамандығы бойынша тәмамдап, еңбек жолында жауапты жұмыстар атқарған. 1996 жылдан бастап «Теңізмұнайгаз» бірлескен кәсіпорында, одан кейін «Ембімұнайгаз» бірлестігінде жұмыс атқарған. Кейінгі жылдары аты әлемге әйгілі Теңіз мұнай кенішін игеруге атсалысты.

Таубай Сақтағанов – сәулетші және ақын. Оның өлеңдері республикалық, облыстық, аудандық мерзімдік баспасөздерде жарияланып тұрған. Туындылары бірнеше ұжымдық жинақтарға кірсе, «Аппақ нұрлы ақ әлем» лирикалық жырлар және «Жеңілтек қыз бен мас жігіт» сықал өлеңдер жинағы кітап болып шыққан. Халықаралық Жазушылар Одағының мүшесі, сазгерлікпен айналысып, он шақты ән шығарған.

## Майталман мұнайшылар

Өздерінді мадақтап жыр айтылар,  
Жыр айтылар, жүректен сыр айтылар.  
Құдайымдай сыйлайтын құрметтеп,  
Аман жүрші, майталман мұнайшылар!

Ыстық жаздың қақталып аптабына,  
Қыстың көк мұз, шыдайсың ақ қарына.  
Тайсақтамай бәрін де жөнестіңдер,  
Не қиындық түссе де бастарына.

Өңменіңнен өтеді қарасуық,  
Жел соғады долданып аласұрып.  
Қачалканың қасында жүресіңдер,  
Бір тынбастан ұйықтамай таң асырып.

Көңіліңнің шарықтап өскені ме,  
Кезіккендей шаттанып көктеміне.  
Мұнай шықса, аспанға бөрік аттың,  
Қара майды жағып ап беттеріңе!

Көкжиекті кеңейттің көзімді ашып,  
Қуаныштан шалқыдым сезім тасып.  
Мол мұнайды тығылған тауып алып,  
Шұлаттыңдар әлемді Теңізді ашып!

Іздеуменен қалтарыс, тасаларды,  
Мол мұнайды «тапсам» - деп шаш ағарды.  
Каспий теңіз астынан теңіз тауып,  
Атышулы аштыңдар Қашағанды!

Табиғат бізге әлі сыйлар майын,  
Жеті қат жер астына жиналғанын.  
Мол мұнайын сақтаған болашаққа,  
Қолын бұлғап шақырар Құрманғазым.

Тілеймін: «Қиындықты жеңе бер» - деп,  
«Аманшылық сендерге бере гөр!» - деп.  
Толтырып отанымың қазынасын,  
Көрсетіп жатырсыңдар ерен еңбек.

Даңқын шарлап барлығын шартараптың,  
Алдарыңнан арайлы ақ таң атсын.  
Мұнайшылар, молшылық әкеле гөр:  
Мол мұнайдың тағы да фонтаны атсын!!!

### «Ембі тынысы»

газетін осы  
**QR код** арқылы да  
оқи аласыздар.



**Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ**

**Шығарушы:**  
**Қоғаммен байланыс тобы**

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.

**Таралымы** – 3500 дана.

**Редакцияның мекен-жайы:** Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

**Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:**

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.  
G.Karajanova@emg.kmgep.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166  
I.Satylganova@emg.kmgep.kz

Г.Әмірова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309  
G.Amirova@emg.kmgep.kz

**Баспахана:** «Реформа» ЖШС

**Мекен-жайы:** Алматы қаласы

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:**

**М.Елеусінов** – Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары;  
**Р.Тасмағамбетова** – Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

**Г.Шарафетдинова** – Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

**Қ.Сақтағанов** – Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бас техникалық басшы;

**А.Кенжехорұлы** – Аппарат жетекшісі;

**Қ.Тулеушов** – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

**Ғ.Қаражанова** – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

**Ж.Дәуітов** – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.